

**Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 сәуірдегі N 316 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1241 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) Жоспар да белгіленген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) жылына бір рет 20 қаңтарға Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне Жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жылына бір рет 10 ақпанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі А.Е. Мусинге жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 7                      ж ы л ғ ы                      1 9                      с ә у і р д е г і  
N                      3 1 6                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының 2004-2005 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

Р/с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындалу луына жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
<b>Заңнаманы экологияландыру</b>				
1.	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы талдауды, жүйелендіруді және жетілдіруді жүргізу және нормативтік құқықтық актілер әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қоршаған-ортамині (жинақтау), басқа мүдделі мемлекеттік органдар	Жыл сайын 10 ақпан, 2008 жылдан бастап
<b>Қоғамды экологияландыру</b>				
2.	Ақпараттандырудың түрлі нысандарын пайдалану және Қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдар арқылы жұртшылықтың өткізілетін табиғат қорғау іс-шараларына қатысуын арттыру	Қоршаған-ортаминіне ақпарат	МАМ (жинақтау), облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері	Жыл сайын 20 қаңтар, 2008 жылдан бастап
3.	Табиғатпен үйлесімдікте салауатты өмір салтын енгізу жөнінде шаралар қабылдау	Қоршаған-ортаминіне ақпарат	ТСМ (жинақтау), ДСМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері	Жыл сайын 20 қаңтар, 2008 жылдан бастап
<b>Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту</b>				
4	Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық табиғат қорғау шарттары мен келісімдерінің (конвенцияларының) орындалуына талдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қоршаған-ортамині	Жыл сайын 10 ақпан,

	жүргізу және оларды практикада іске асыруды қамтамасыз ету			2008 жылдан бастап
5	Қазақстанның қабылдауы үшін орынды үлкен қашықтықта ауаны трансшекаралық ластау туралы конвенцияға хаттамалар тізбесін айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Қоршаған-ортामині	2008 жылғы 10 ақпан
Жаһандық экологиялық проблемалар				
6.	Қызған газдар шығарындыларын қысқарту жөніндегі Қазақстан Республикасының әлеуетін бағалау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қоршаған-ортамині (жинақтау), ЭМРМ, ИСМ, А Ш М , облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері	2008 жылғы 10 ақпан
7.	Экологиялық жүйелердің орнықты жұмыс істеуі үшін биоәртүрліліктің жай-күйін бағалауды жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	А Ш М , (жинақтау), Қоршаған-ортамині	Жыл сайын 10 ақпан, 2008 жылдан бастап
8.	Біріккен Ұлттар Ұйымының Биоәртүрлілік жөніндегі конвенциясына Биоқауіпсіздік жөніндегі Картахена хаттамасына Қазақстанның қатысуы жөнінде іс-шаралар жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаулысының жобасы	А Ш М , (жинақтау), Қоршаған-ортамині, СИМ	2007 жылғы III тоқсан
Жергілікті экологиялық проблемалар				
9.	Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық жағдайдың жай-күйін бағалау және энергетикалық кешендердің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қоршаған-ортамині (жинақтау), ЭМРМ, БФМ, ДСМ	2008 жылғы 10 ақпан
10.	Қалдықтарды есепке алу және басқаруды бақылау жүйесін және қалдықтарды өңдеу мен қайталама пайдалану жөніндегі модельдік бағдарламаны	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қоршаған-ортамині	

ұйымдастыру ұсыныстар әзірлеу	жөнінде	сының Үкіметіне ұсыныстар	2009 жылғы IV тоқсан
----------------------------------	---------	---------------------------------	-------------------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі  
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі  
ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі  
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Қоршаған орта министрі - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі  
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі  
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар  
м и н и с т р л і г і

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы » 1 9 с ә у і р д е г і

№ 3 1 5 қ а у л ы с ы н а

қосымша

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы № 131 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 5, 74-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы № 131 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 мамырдағы № 492 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 21, 258-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы № 131 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 мамырдағы № 436 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 18, 177-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы № 131 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 қаңтардағы № 41 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 1, 14-құжат).